Тақырыбы: Канада журналистикасына талдау

Дайындаған: Дана Маратова

Жоба жетекшісі:

Алимжанова А.Б.

# Курстық жұмыс жоспары:

- КІРІСПЕ
- І КАНАДА ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ
- 1.1 Канаданың газет-журналдары
- 1.2 Канада баспасөзінің ерекшеліктері
- 1.3 Канада басылымдарына талдау
- ІІ. КАНАДАЛЫҚ БАҚ
- 2.1 Канадалық газет-журналдар мен интернет-журналистика
- 2.2 Әуе толқынындағы Каанада радиосы
- 2.3 Каанаданың танымал телеарналары
- 2.4 Канадалық журналистер
- ҚОРЫТЫНДЫ
- ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

# Кіріспе

- Ғылыми жобада Канада журналистикасының пайда болу тарихынан бастап бүгінгі күнге дейінгі ахуалы, даму тарихы баяндалады. Канада журналистикасының дәстүрлі ерекшеліктеріне, ақпарат тарату тәсілдеріне талдау жасалады. Канадалық газет-журналдар мен ақпараттық порталдар, радио және телевизия саласының ерекшеліктері туралы ақпарат беріледі. Әлемге танымал канадалық журналистер туралы баяндалады.

# I КАНАДА ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

- Әлемдік ұлы державаға айналған АҚШ-пен шекаралас болуы, бір құрлықта Солтүстік Америка құрлығында орналасуы, Америкамен әскери-экономикалық интеграциялануы Америкада болып жатқан өзгерістер, жаңалықтар, прогресс және АҚШ жүргізіп отырған саясат Канада халқының өміріне өз ықпалын тигізіп отыр. Осы жағдай Канаданың ақпараттық-насихаттық құралдарында айқын көрініс алған. Басқа елдердің баспасөз тарихына үңілсек, алғашқы басылымның жарыққа шығуы, кітап басу өндірісі сол елде әбден жолға қойылған соң барып жүзеге асып отырған. Ал, Канадада бәрі керісінше, ең алғашқы газет «Nova Scoti» провинциясының орталығы Галифексте 1752 жылдың өзінде-ақ жарық көре бастаған, алғашқы кітап одан көп кейін «Католик шіркеуінің католицизмі» деген атпен тек 1765 жылы Монреальда басылып шыққан. Бұған баспасөздің ерте дамуы тарихы, не мемлекеттік құрылысының ұқсастығы ғана емес, көрші елмен тіл бөгетінің жоқтығы жақындастырған АҚШ баспасөзінің жетістіктеріне себепші болса керек.

## 1.1 Канадалық газет-журналдар

- Қазіргі таңда Канаданың 97 қаласында 6 000 000 данамен шығатын 123 күнделікті газет бар. Бұлардың сыртында 1000-нан астам аптасына 2-3 реттен шығатын көп таралымды газеттер басылып тұрады. Бұл газеттер негізінен ауылшаруашылық аудандарда, шағын қалалар мен қалашықтарда әр тілде шығады. Ал ірі қалалар мен орталықтарға таралатын аса ірі газеттер мен журналдар тек ағылшын және француз тілдерінде шығады. Бұл басылымдарға бәсекелес газет-журналдар болмағандықтан, олар бүгінде өз аймағында монополияға айналуда. Мұндай монополиялардың көбеюіне соңғы кезде көп басылымдардың бір-бірімен бірігуі және бір компания құрылтайшы қоластына шоғырлануы себеп болып отыр. Бұл басылымдардың іріленуіне, таралымының өсуіне тіл де өз әсерін тигізеді. Ағылшын және француз тілдеріндегі газет-журналдары басқаларға қарағанда тезірек өтсе, ал өз ішінде ағылшын тіліндегі басылымдар француз тіліндегілерге қарағанда көбірек шығады. Мысалы, елдегі ең оқырманы көп журнал ағылшын тіліндегі “Readers Digest” болып саналады. Оның бір жылда 1 209 660 данасы сатылады екен [1,46-б]. Ал ең өтімді газеттер: “Торонто Стар ” бір аптада 3 477 160, “Глоб Энд Мэйл” 1 912 370, “Ванкувер Сан” 1 175 780 данасы сатылады екен.

# Журналдары

- Канадада мыңнан астам журналдар шығады. 800-ге жуығы ағылшын тілінде, 150-і француз тілінде, 40-қа жуығы мемлекттік екі тілде, 10-ы эмиграннттар аудиториясына арналған. Мұның ішіндегі 350-і жалпы ұлтқа таралатын танымал журналдар. Оның ішінде жергілікті және провинциялық деңгейде шығатын журналдар да бар.



# 1.2 Канада баспасөзінің ерекшеліктері

- **Канада баспасөзінің басты ерекшелігі - онда белгілі бір партияның ұйымы саналған басылым болған емес. Бірақ басылым материалдарының бағытынан, редакцияның ақпараттық саясатынан ол газет, не журналдың елдегі белгілі бір саяси топты, компанияны, банктерді, діни миссияларды жоқтайтынын аңғаруға болады. Канада баспасөзі жариялайтын материалдары тақырыбына және олардың ақпараттық-насихаттық бағытына қарай шартты түрде беске бөлуге болады: 1. Ресми басылымдар; 2. Бейресми (тәуелсіз) басылымдар; 3. Ұлттық басылымдар; 4. Жалпыұлттық басылымдар; 5. Тегін таратылатын басылымдар.**

- Бүгінде Канада баспасөзінде қалыптасып отырған тағы бір тенденция - зерттеу-сараптамалық мақалаларды басуға маманданған апталық газеттерге қарағанда, сол күні орын алған оқиғаны жедел жариялап, ағымдағы ақпаратты басатын күнделікті, оның ішінде таңертеңгілік және кешкілік газеттерге деген халықтың қызығушылығының өсуі. Күнделікті баспасөз беделінің өсе түскенін елдегі статистикалық институттар жүргізген зерттеулер қорытындылары дәлелдей түседі. Канадалықтардың 87 пайызы негізінен күнделікті газеттерді сатып алатындығын айтқан. 1901 жылы 114 күнделікті газет 600 000 данамен шығып тұрған болса, 1980 жылы 117 күнделікті газеттің таралымы 5 174 955 данаға жеткен. Ал XXI ғасырдың бірінші жартысында бұл көрсеткіш 20 пайызға өсіп, газет таралымының өсуі жарнама берушіге де, баспагерге үлкен пайда әкелетіндіктен Канадада күнделікті газет индустриясы табысты қаражат көзіне айналып отыр. Қазіргі уақытта 12 баспа тобы, 118 күнделікті газеттің 89-ын шығарады. Сәл шегініс жасап тарихқа үңілсек, 1970 жылы елдегі күнделікті газеттердің жалпы таралымының 45 пайызы үш ең ірі компаниялары «САУЗЕМ», «ТОМСОН», «ФРИ ПРЕСС ПАБЛИКЕЙШНС» тәуелді болса, 1980 жылы Томсон мен Саузен баспагерлік топтары күнделікті газеттердің жалпы таралымының 48 пайызын иеленген екен [2,11-б].

# 1.3 Канада басылымдарына талдау

- *Ресми басылымдары.* Бұл басылымдар аса көп емес, санын «саусақпен санауға» болады. Бұл басылымның бәріне тән басты белгілер оларда негізінен үкімет қаулылары, заңдар, ресми құжаттар, премьер-министр бұйрықтары басылады.






1. «Ottava Citizen» («Оттава азаматы»). Ағылшын тілінде шығатын күнделікті кешкілік газет. 1844 жылы алғашқы саны жарық көрді. Алғашында «The Citizen» деген атпен шығып тұрды. Канаданың ең ірі «Саутэм инкорпорейтед» газет баспагерлік тресі иелігіндегі бұл газет Оттавада басылады. Таралымы - 190 000 дана. Сенбілік саны 250 000 данамен сатылады. Басылым үкімет айналасындағы адамдарға арналған.


OTTAWA CITIZEN

Home News Opinion Sports Arts Life Technology Travel Health Jobs

BUSINESS

FINANCIAL POST

Tony Clement takes on responsibility for controversial Ring of Fire

BY PETER KOVEN, FINANCIAL POST

STORY TOOLS



- «The Canada Gazette, La Gazette du Canada» («Канада газеті»). Ағылшын және француз тілдерінде басылатын үкімет жаршысы. 1841 жылдан бастап шығып келеді. Газет ел астанасы Оттавада шығады. Негізінен заң актілерін, қаулы-қарарларды, үкіметтің ресми құжаттарын жариялайды.
- «The Canada Gazette» («Канада газеті») 1967 жылы жаңарған үкіметтің ресми газеті үш бөлімнен тұрады:
- А) “Canada Gazette. Part I» (PDF және Alternate Formats) . Әр сенбі сайын шығады. Мемлекеттік деңгейдегі кездесулер, ресми мақалалар, үкімет ұсыныстары, қаулылар және т.б түрлі материалдарды басады.
- Ә) «The Canada Gazette. Part II” («PDF және Alternate»). Екі аптада бір рет, сәрсенбі күні шығады. Заңмен бекітілген ережелерді, заңдарды жариялайды.
- Б) “The Canada Gazette. Part III” («PDF Format»). Парламенттің газет саны әзірленген аптада қабылдаған қаулыларын, заңдарын жариялайды тұрақты шығу мерзімі реттелмеген басылым.






- *Бейресми (тәуелсіз) басылымдары.* Бұл белгілі бір компанияларды, партияларды, ұйымдарды қолдайтын баспагерлік топтардың, газет-журнал трестерінің, массмедиа магнаттарының иелігіндегі газет-журналдар. Канададағы ғылыми, көңіл сергітетін, танымдық жарияланымдармен қызықтыратын ең танымал басылымдар да осы топқа жатады.
- 1. «Vancouver Sun» («Ванкувер күні») Британ Колумбиясы провинциясының ең ірі күнделікті кешкілік газеті. Канадалық «Саутем Инкорпорейтед» газет - баспагерлік трестінің «Пасиорик пресс» еншілес компаниясының қоластына қарайды. Басылым 1886 жылдан бастап Ванкуверде Британия Колумбиясы провинциясында басылып келеді. Таралымы 260 000, сенбілік санының таралымы – 290 800 дана.


LIBERALS AIM AT DEFICIT
Grits release platform with emphasis on families. » B1

BARGAINS IN DISTRESS
Court-ordered sales help buyers in Squamish find a home. » C1

THE VANCOUVER SUN

BREAKING NEWS | VANCOUVERSUN.COM SERIOUSLY WESTCOAST SINCE 1912 MONDAY, APRIL 4, 2011 | FINAL EDITION

CRAZY LOVE FOR MICHAEL

SINGER MICHAEL BUBLÉ KISSES HIS BRIDE, ARGENTINE ACTRESS LUISANA LOPILATO, as they pose for photographers after their religious wedding ceremony at the Villa Maria palace in Marcos Paz on the outskirts of Buenos Aires on Saturday. Local fans will get their chance to share the couple's joy when the two get married again in Vancouver later this month.

'Cow valve' heart implant hailed as breakthrough

Cardiologist: Procedure 'will be seen as one of the biggest steps in cardiovascular medicine in our lifetime.'

THOMAS H. MAUGH II

OPINION

Smart meter plan may not be so smart

Doubts started to arise when the estimated costs for refitting the power grid jumped from $500 million to more than $900 million

STEPHEN HUME

INSIDE TODAY'S PAPER

COLUMNISTS

WEATHER

Its famous attractions will make you famous with your kids.

One-way fares from Vancouver:

Orange County-Anaheim $129

Los Angeles $129

- 2. «The Winnipeg Free Press» («Виннипегтің азат прессасы»). Күнделікті кешкілік газет. Ауқатты, ақсүйек қауымға арналған.
- 3. «Томсон Ньюпейперз» трансұлттық газет - баспагерлік корпорациясына қарайды, 1874 жылы негізі қаланған. Бұл газет Уиннипегте Монитоба провинциясында ағылшын тілінде шығып тұрады. Таралымы - 145 000, сенбілік саны 195 000 данамен тарайды.



- *Ұлттық басылымдары*. “Meest” («Міст» - «Көпір»). Солтүстік Америка құрлығындағы украиндықтарға арналған апталық газет, бағасы 25 cent тұрады. Канадада тұратын украиндықтардың өмірінің әртүрлі аспектілерін ашып көрсететін, соңғы жаңалықтарды, тарихи материалдарды, сараптамалық шолу, болжамдарды, оның ішінде ауа-райы, жұлдызнамалық болжамдарды жариялайтын біршама кәсіби деңгейдегі басылым. Жарнамалық және публицистикалық материалдардың үйлесім табуын басылым жеткен жоғары жетістігі деп тануға болады. Газетті “Meest Media Corporation” компаниясы басып шығарады. “Bikha” (Okha). Украин тіліндегі «Слово» газетінің тегін жарнамалық ақпараттық қосымшасы. Бастырушы «EVIS» компаниясы, бұл да жалпыұлттық басылымы болып саналады [4,5-б].

- *Тегін таратылатын басылымдар.* Бұл топтағы басылымдардың басты белгісі және кемшілігі жарнамаға көп көңіл бөлуі. Кейде жарнама басылымның жалпы көлемінің 80 - 90% иемденеді және қайсыбірінде жарнаманың бірінші беттен бастап жариялануы оқырманның оқуға деген барлық қызығушылығын жойып жібереді. Танымал тұлғаларға немесе белгілі бір саясаткерге қарсы құрылған саяси провокациялар «жаптым жала, жақтым күйе» принципін ұстанатындардың «қаралау» саясаты, әсіреұлтшылдық әуеніндегі арандатулар және т. б. құйтырқы қылықтар мен іс-әрекеттер көбіне осы топтағы басылым беттерінде жүзеге асып жатады. Осындай жағдайларға байланысты және басылымның тегін таратылуынан да болса керек, бұл топтағы газеттер халық арасында «Аяқ астындағы баспасөз» («Пресса под ногами”), «құнсыз басылым» деген ат алған

- 1939 жылы Канадада радиохабарларын тарату мен телевизиялық бағдарламалар шығаруды жүзеге асыратын «Canadian Broadcasting Corporatio» «Си-Би-Си» Канаданың радиохабарларын тарату корпорациясы құрылды. Алайда II дүниежүзілік соғыстың басталуы, бүкіл әлемдік қаржы дағдарысы және т.б себептермен бұқаралық коммуникацияның бұл саласы көпке дейін кенжелеп қалған еді. Кейін 1950 жылдары Канада көлемінен асып, АҚШ ақпараттық нарыққа ұмтылған Уилльям Саутем, Маклин Хантер, Рой Томсон секілді массмедиа магнаттары өз іскерліктерінің шеңберін баспасөзбен шектемей, БАҚ-тың басқа салаларына, атап айтқанда, радио мен теледидениеге көше бастады. Массмедиа магнаттарының қызығушылығы мен бұл істі қолға алуы 1960-1970 жылдары теледидение мен радионы кірісті іске айналдырып, коммуникациялық технология мен хабар тарату жабдықтарын жетілдіруге және әлемде ойлап табылған жаңа жетістіктерге  ілесіп отыруға үлкен септігін тигізді.

# Назарларыңызға рахмет!



